

КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

Инструкция: Вам предлагаются задания с одним правильным ответом из четырех предложенных.

1. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» шығармасының жанры
А) ертегі
В) батырлар жыры
С) лиро-эпостық жыр
D) аңыз әңгіме

2. Метафора кездесетін М.Жұмабаев өлеңі
А) Сарғая күтіп көктемді,
Сап-сары болып су ақты...
В) Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
С) Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен...
D) Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім...

3. «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңінің авторы
А) Ілияс Жансүгіров
В) Абай Құнанбаев
С) Ахмет Байтұрсынов
D) Мағжан Жұмабаев

4. Ы.Алтынсариннің еңбек тақырыбына арналған шығармасы
А) «Асыл шөп»
В) «Таза бұлақ»
С) «Талаптың пайдасы»
D) «Дүние қалай етсең табылады?»

5. Үзіндідегі көркемдік тәсіл
Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарысад. (М.Жұмабаев)
А) Ассонанс
В) Кейіптеу
С) Теңеу
D) Метафора

6. Илияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» өлеңіндегі әр аймақтың сұлулығын суреттейтін көркемдеуіш құрал

*Ыстықкөл жер айнасы мөлтілдейді,
Балқашты қамыс қамап желкілдейді.
Аттанған алты өзені Жетісудың
Балқашқа бауырымдап еңкілдейді.*

- A) Эпитет
- B) Гипербола
- C) Градация
- D) Метафора

7. Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқан прототипі

- A) Жаяу Мұса Байжанұлы
- B) Ақан сері Қорамсаұлы
- C) Әміре Қашаубаев
- D) Балуан Шолақ Баймырзаұлы

8. С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының үзіндісінде қолданылған көркемдеуіш құрал

*Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуган жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын...*

- A) гипербола
- B) метонимия
- C) әсірелеу
- D) кейіптеу

9. Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясындағы үшінші кітаптың атауы

- A) «Сергелдең»
- B) «Алмас қылыш»
- C) «Күткен күн»
- D) «Күйреу»

10. Т.Айбергеновтің балаларға арнап жазған жинағы

- A) «Арман сапары»
- B) «Өмірге саяхат»
- C) «Аманат»
- D) «Бақшаға саяхат»

11. «Қара алтыны халқымның» өлеңінің авторы Гүлжауһар Сейітжан туралы пікірдің авторы

Оның өлеңдерінен қазақ қызының небір қасиеті мен кемел жан-дүниесі көрінеді. Сабырмен, санасымен, сезімімен, төзімімен баурайды.

- A) Әбіш Кекілбаев
- B) Тәжіназар Шадықұлов
- C) Қонаш Қалдыоразов
- D) Темір Мыңжасов

12. Ринат Зайтов пен Аманғазы Кәріпжанов айтысында сөз болған атаулы мереке

- A) Тілдер күні
- B) Тәуелсіздік күні
- C) Наурыз мерекесі
- D) Елорда күні

13. Қазақтың көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың туған жері

- A) Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы
- B) Ақмола облысының Атбасар қаласы
- C) Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қызыларай қыстауы
- D) Семей уезі, Шыңғыс болысындағы Қасқабұлақ деген жер

14. Шыңғыс Айтматовтың «Кассандра таңбасы» атты шығармасының жанры

- A) аңыз
- B) мақала
- C) роман
- D) әңгіме

15. Аңшылар ауылға әкелген қасқырдың Көксерек екендігінің дәлелі

- A) тісінен тануы
- B) басынан тануы
- C) жағынан тануы
- D) құлағынан тануы

16. Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романының жазылу формасының ерекшелігі

- A) автордың оқырмандармен диалогі түрінде
- B) шынайы фактілердің хронологиясы
- C) оқиға автор мен кейіпкердің диалогіне құрылған
- D) кейіпкердің күнделігі

17. Ш.Уәлихановтың бала кезінде құмартқан өнері

- A) Ән айту
- B) Домбыра тарту
- C) Шахмат ойнау
- D) Сурет салу

18. Нұртөре Жүсіптің «Қыран қазақ» деректі әңгімесінің кейіпкері

- A) Тоқтар Әубәкіров
- B) Айдын Айымбетов
- C) Хиуаз Доспанова
- D) Қасым Қайсенов

19. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің тақырыбы

- A) Ел бірлігін қорғау
- B) Жер мәселесі
- C) Адам – Табиғат арақатынасы
- D) Табиғатты қорғау

20. Думан Рамазанның «Соңғы дем» әңгімесінде көтерілген проблема

- A) Қазақстандағы экологиялық аймақтар
- B) «Невада-Семей» қозғалысы
- C) Арал теңізі проблемасы
- D) Семей ядролық полигонның зардаптары

21. Теңеу бар өлең жолын табыңыз

- A) Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарысад.
- B) Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
- C) Қызғалдақтай қызық өмір,
Күні келсе, солмай ма?
- D) Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,
Келші, күлмей көзден аққан жасыма.

22. Б.Майлиннің алғашқы прозалық шығармасы

- A) «Шұғаның белгісі»
- B) «Күлпаш»
- C) «Сексен сом»
- D) «Раушан – коммунист»

23. Б.Қыдырбекұлының «Теміржолшы» әңгімесіндегі Ленин орденімен марапатталған кейіпкер

- A) Тарасов
- B) Андреев
- C) Үмбеталов
- D) Столяров

24. Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесіндегі қозғалған мәселе

- A) жастардың баспана мәселесі
- B) терезесі жоқ бөлме
- C) Алматыдағы өмір
- D) әйелдердің теңсіздігі

25. Б.Ж.Болайұлының «Қазақы наурызнама» зерттеу жұмысында берілген наурыз атауының шығу тегі

- A) «Нәр уыз»
- B) «Жаңа күн»
- C) «Жаңа нұр»
- D) «Жаңа жыл»

***Инструкция:** Вам предлагаются тестовые задания на основе текста с выбором одного правильного ответа из четырех предложенных.*

Жанар үйі көшенің басына таман, өзенге таяу. Әкесі Балабек бригадир болып істейді. Мамасы Қырымға курортқа кеткен. Үйде өзінен басқа, мені онша ұната қоймайтын қытымыр әжесі ғана бар. Қолыма таяқ алып, әлдекімдерге еліктеп сылти басып, солай қарай келе жатырмын. Жанардың төбесін анадайдан бір көрсем де дертке қуат емес пе? Мүмкін, ол ұшырасып та қалар. Жайлауға баратынымды айтам. Менің қайда екенімді ол да біліп, ойлап жүрсін. Жанар мені жайшылықта ойлай ма екен, ойламай ма екен, ә?

Бұл үйде Жанардың әжесінен бетер сескенетін тағы бір қорқынышым – осы үйдің антұрған қабаған қара төбеті. Атты кісінің омырауына шапшитын жауыз төбет. Ол бос болса, үй маңынан тірі жанды қия бастырып өткізбейді. Жоқ, қара төбет байлаулы екен. Арты көше жақтан келген біреуге арс үріп, жұлқынып тұр. Мен бергі қора жақтағы ағаш шарбаққа жақындай түстім. Осы кезде үйден Жанар жүгіріп шығып:

– Ақтөс, жат. Бар орныңа! – деп зеки бастады.

Қақпаның ар жағынан әйел дауысы естілді:

– Жанаржан, әжең үйде ме?

– Әжем бағана тауық фермадағы Сүйінбай атамдікіне кетіп еді. Әлі келген жоқ.

Жанардың үйде жалғыз екенін білгенде, қуанышым қойныма сыймады. Не де болса, тілдесіп қалуға бел байладым.

– Жанар! – деп дауыстадым, ол жүгіре басып бері қайтып келе жатқанда. Үнім бейне бір шошыған немесе аяқ астынан ғажайып бір қымбат зат тауып алған адамдай жарқын шығып кетті.

Селк етіп, тоқтай қалды Жанар. (Үй маңдайшасына электр шам орнатылғандықтан, есік алды сүттей жарық еді.). Дауыстың қайдан шыққанын түспалдай алмай, төңірегіне жалтақ-жалтақ қарап барып көрді мені.

– Кеш жарық, Жанар.

Жанардың таңданған жүзі дереу күлімсіреді. Қасыма жүгіріп келіп, ағаш шарбақтың үшкіл басынан ұстап, бетпе-бет тұра қалды.

– Кеш жарық, Қожа? Неғып жүрсің? – деп сұрады ол.

– Мен түнделетіп жайлауға кетем.

– Мамана барасың ба?

– Иә, сен неге лагерьге бармадың?

– Мамам келгенше үйде болып, әжеме көмектесем. Майқанова апай лагерьге келесі кезекке жолдама берем деді.

Жанар осыны айтты да:

– Қожа, менің әжем үйде жоқ. Жүр, дойбы ойнайық, – деді.

«Менің атым- Қожа» хикаятынан алынған үзінді

26. Жанардың үйіне баруға сескенетін Қожаның қорқынышы

- A) Жанардың бригадир болып істейтін әкесінен
- B) Жанардың қытымыр әжесінен
- C) Жанар үйі ауласының қараңғылығынан
- D) Кісі омырауына шапшитын төбетінен

27. Қожаның дауысының шошығандай жарқын шығу себебі

- A) Жанардың қара төбетінен қорыққандықтан
- B) Жанардың үйіне кіріп бара жатқандығын көргендіктен
- C) Жанардың үйде жалғыз екенін білгендіктен
- D) Жанардың үйінде әжесінің бар екендігін білгендіктен

28. Мәтіндегі Қожа мен Жанар арасындағы байланыс

- A) диалог түрінде берілген
- B) ирония түрінде берілген
- C) монолог түрінде берілген
- D) сарказм түрінде берілген

29. Мәтін мазмұны бойынша Қожаны Жанардың үйіне жетелеген ой

- A) Жанардың лагерьге бармағандығының себебін сұрау
- B) Жанардың үйінде ешкім болмағандықтан дойбы ойнау
- C) Жанардан күндіз түсінбеген сабақтарын сұрау
- D) Жайлауға баратындығын Жанардың біліп жүргенін қалады

30. Жанардың «Мамам келгенше үйде болып, әжеме көмектесем»-деген сөзінен байқалатын қасиеті

- A) Сыпайылық
- B) Үлкенге көмек
- C) Инабаттылық
- D) Кішіпейілділік

Инструкция: Вам предлагаются тестовые задания на установления соответствия.

31. М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінен берілген үзінділердегі іс-әрекеттерді олардың себебімен сәйкестендіріңіз.

А)	Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді.	ақ қасқырдың кек алуы
		ақ қасқырдан айырылғандықтан
		малға ауру тиді
		қыс қатты болды
В)	Түні бойы көп-көп ұлыды, таң атқанша жер тарпып, шаң боратты, ыңырсыды, аунады.	ақ қасқырдың кек алуы
		ақ қасқырдан айырылғандықтан
		малға ауру тиді
		қыс қатты болды

32. Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» шығармасынан берілген портреттерді кейіпкерлерімен сәйкестендіріңіз.

А)	Ақшыл денелі, арық, бір аяғын ақсай басады.	Бораш
		Қайрош
		Шеген
		Костя
В)	Ашаң, сұңғақ денелі, үстінде шолақ шалбардан басқа еш нәрсе жоқ. Күнге күйіп кеткен дененің бұлшық еттері иіріліп-иіріліп қояды.	Бораш
		Қайрош
		Шеген
		Костя

33. М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасындағы кейіпкерлермен олардың сөздерін сәйкестендіріңіз.

А)	Ахмет	Зигфрид Вольфганг Вагнер. Қарық болдыңыз!
		...Дүкіметінді оқы, балалардың мән-жайын айт.
		Мен осы мықтының өзін қаладым. Баламның атын айт.
		Жылы қымтаулы төсекте жатқан, ет желініп бітпей-ақ ұйқыға кеткен.
В)	Басқарма	Зигфрид Вольфганг Вагнер. Қарық болдыңыз!
		...Дүкіметінді оқы, балалардың мән-жайын айт.
		Мен осы мықтының өзін қаладым. Баламның атын айт.
		Жылы қымтаулы төсекте жатқан, ет желініп бітпей-ақ ұйқыға кеткен.

34. М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінен берілген үзінділердегі іс-әрекеттерді олардың иелерімен сәйкестендіріңіз.

А)	Ай астында әрлі-берлі сенделіп, көп аяңдап жүрді. Қасында көлеңкесі ғана жүреді.	Көксерек
		Құрмаш
		ауылдың төбеттері
		адамдар
В)	Ін аузында екіаяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды.	Көксерек
		Құрмаш
		ауылдың төбеттері
		адамдар

35. М. Әуезовтің «Абай жолы» романынан берілген портреттерді олардың кейіпкерлерімен сәйкестендіріңіз.

А)	Үстінде ұзын, ақ сарғыш жібек бешпеті бар. Күрең барқыт желетке мен ақ көйлек, кең бешпет жарасып тұр. Самай, маңдай шаштары бурыл тартқан.	Әбіш
		Кәкітай
		Оспан
		Абай
В)	Сұйықтау қызыл қоңыр шашы жылтырай таралған. Кең, биік маңдайы ашық көрінеді. Бойы сұңғақ. Қыр мұрынды. Сәнді киінген жас жігіт өзгеше сұлу көрінеді.	Әбіш
		Кәкітай
		Оспан
		Абай

Инструкция: Вам предлагаются задания, в которых могут быть один или несколько правильных ответов.

36. Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» өлеңіндегі көркемдегіш құрал(-дар)
*Солармен судырласып ойнайды жел,
Дүрмектің көкпар тартқан шабысындай.*

- A) синекдоха
- B) метонимия
- C) символ
- D) эпитет
- E) кейіптеу
- F) метафора

37. Өлең үзіндісіндегі айшықтау түр(-лер)і

*Алатауды айналсам,
Алғайды табам ба? (Ж.Жабаев)*

- A) Жарлай арнау
- B) Аллитерация
- C) Ассонанс
- D) Литота
- E) Градация
- F) Гипербола

38. Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының кейіпкерлері

- A) тағдыры ауыр балықшылар
- B) Арал теңізі бойындағы қазақтар
- C) Каспий теңізі бойындағы қазақтар
- D) егіншілікпен айналысқан адамдар
- E) қаладағы зауыт жұмысшылары
- F) саятшылық құрған аңшылар

39. С.Мұқановтың «Саятшы Ораз» шығармасындағы Ораздың аса дос көретін адам(-дар)ы

- A) балалар
- B) құсбегілер
- C) жазушылар
- D) аңшылар
- E) туыстары
- F) достары

40. Е.Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» шығармасындағы пәтер иесіне тән қасиет(-тер)

А) Мейірбандық

В) Қатыгездік

С) Жомарттық

Д) Жанашырлық

Е) Тойымсыздық

Ғ) Қарапайымдылық

ТЕСТ ПО КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ ЗАВЕРШЕН